

OGO ЖОБАСЫ

Жиі қойылатын сұрақтар

№	Сұрақ	Жауап
1. Жалпы сұрақтар		
1	Неліктен OGO жобасын жабу шешімі қабылданды?	Jusan Bank пен Кселл-дің ынтымақтастығының аяқталуына байланысты, жаңа өнімдер ашу жоспарда жоқ, ал ертеректе ашылған OGO өнімдері мерзімін ұзартпай жабылып жатыр.
2	OGO өнімдерін Jusan Bank-ке ауыстыру шешімі неліктен қабылданды?	Jusan Bank пен Кселл-дің ынтымақтастығының аяқталуына байланысты, OGO өнімдері енді Kcell және activ қосымшаларында қолжетімді болмайды. OGO өнімдеріне қолжетімділік алу үшін Сізге Jusan мобильді қосымшасын пайдалану керек.
3	Неліктен OGO-да жаңа өнімдерді ашуға болмайды?	Жаңа OGO өнімдерін Jusan Bank пен Кселл-дің ынтымақтастығының аяқталуына байланысты 2025 жылғы 15 сәуірден бастап аша алмайсыздар.
4	OGO өнімдері қазір Kcell және activ мобильді қосымшаларындағыдай жеке көрсетілетін бола ма немесе Jusan мобильді қосымшасындағы Jusan Bank өнімдері тізімінде көрсетілетін бола ма?	Сіз OGO өнімдерін Jusan мобильді қосымшасындағы Jusan Bank өнімдері тізімінен көре аласыз.
5	OGO өнімдеріне байланысты сұрақтармен қайда жүгінсем болады?	1. Барлық OGO өнімдері бойынша (OGO инвестицияларынан басқа) Сізге 7711 нөмірі бойынша Jusan Bank Call-center-іне (мобильді телефондардан қоңырау шалу тегін) немесе +7 7172 587 711 нөміріне (ҚР-дан тыс аумақта жүрген болсаңыз) хабарласа аласыз, немесе Jusan Bank бөлімшесіне келсеңіз болады. 2. Жинақталған OGO бонустары бойынша Сізге Кселл байланыс орталығына хабарласу керек. 3. OGO инвестициялары бойынша, консультациялар және техникалық қолдау алу үшін мынадай нөмірлер бойынша Jusan Invest компаниясына хабарласу керек: - WhatsApp: +7 (700) 511 1000; - қоңырау шалу: +7 (707) 264 4000; - электронды пошта: info@jusaninvest.com.
6	OGO өнімдеріне қолжетімділікті қалай аламын?	OGO өнімдерімен жұмыс жасау үшін Сізге Google Play-ден (Android телефондары үшін) немесе App Store-дан (iOS телефондары үшін) Jusan қосымшасын орнату керек.
2. OGO карталары		
1	Неліктен мен Kcell және activ мобильді қосымшаларында OGO картасын аша алмаймын?	Jusan Bank пен Кселл арасындағы ынтымақтастықтың аяқталуына байланысты, OGO карталары бұдан былай Kcell және activ мобильді қосымшаларында ашылмайды.
2	OGO банк сервисі неліктен Kcell және activ мобильді қосымшаларында өшіріліп жатыр?	OGO банк сервисі Jusan Bank пен Кселл арасындағы ынтымақтастықтың аяқталуына байланысты Kcell және activ мобильді қосымшаларында өшіріліп жатыр.
3	Неліктен менің OGO картам Kcell және activ мобильді қосымшаларында көрсетілмей қалды?	Jusan Bank пен Кселл арасындағы ынтымақтастықтың аяқталуына байланысты OGO карталары енді Kcell және activ мобильді қосымшаларында көрсетілмейді. OGO картасы Jusan мобильді қосымшасында қолжетімді болады.

4	Jusan қосымшасына өткеннен кейін OGO картасын пайдалану шарттары өзгере ме?	Jusan қосымшасына өткеннен кейін OGO картасын пайдалану шарттары өзгеріссіз қалады.
5	OGO картасының мерзімі аяқталғаннан кейін не болады?	OGO картасы жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін өз күшін жояды. Картаны Jusan мобильді қосымшасы арқылы немесе Банк бөлімшесінде жабу керек.
6	Менің OGO картам бойынша Jusan қосымшасында қандай операциялар қолжетімді болады?	Jusan қосымшасында OGO картасы бойынша Сізге ақша аударымдары мен төлемдер қолжетімді болады.
7	OGO картасын қалай толықтыруға болады?	1. Jusan мобильді қосымшасында Jusan Bank ішіндегі ақша аудару арқылы; 2. басқа банктің картасынан ақша аудару арқылы; 3. Jusan Bank бөлімшелерінде қолма-қол ақшалай; 4. Касса24, Yurta, ИТК төлем терминалдарында.
8	OGO картасынан қолма-қол ақша қалай алуға болады?	Сіз мынадай жолдармен қолма-қол ақша шеше аласыз: 1. «Код арқылы алу» функциясы арқылы Jusan Bank банкоматтарынан; 2. OGO пластик картасын пайдалану арқылы банкоматтардан; 3. Jusan Bank бөлімшелерінде.
9	Картаның деректемелерін қайдан білуге болады?	Сіз картаның деректемелерін мына жерлерден біле аласыз: 1. Jusan мобильді қосымшасында «Менің Банкім» бөлімінде, әрі қарай «Деректемелер» бөлімінде; 2. 7711 нөмірі бойынша Jusan Bank Call-center-іне (мобильді телефондардан қоңырау шалу тегін) немесе +7 7172 587 711 нөміріне (ҚР-дан тыс аумақта жүрген болсаңыз) хабарласу арқылы; 3. Jusan Bank бөлімшесіне бару арқылы.
10	OGO картасы бойынша CVV/CVC деген не, ол қай жерде көрсетіледі және ол не үшін керек?	OGO картасы бойынша CVV/CVC — бұл картаның түпнұсқалығын растауға арналған үш таңбалы код. CVV/CVC деректері «Менің Банкім», әрі қарай «Деректемелер» бөлімінде көрсетіледі. CVV/CVC интернетте сатып алу кезінде пайдаланылады және құпия ақпарат болып саналады, сондықтан Jusan Bank CVV/CVC деректерін үшінші тұлғаларға, тіпті өзін Jusan Bank қызметкерлері ретінде таныстыратын тұлғаларға да айтпауды ұсынады.
11	OGO виртуалды/пластик картасын қалай қайта шығара алам?	Сіз OGO виртуалды/пластик картасын қайта шығара алмайсыз, себебі OGO картасы – қайта шығарылмайтын карта.
12	Менің OGO картамның қолданылу мерзімі қашан аяқталады?	Сіз өзіңіздің OGO картаңыздың қолданылу мерзімін Jusan мобильді қосымшасында картаның деректемелерінен біле аласыз.
13	OGO картасы бойынша ақша аударымдары кезінде қандай комиссия ұсталады?	OGO картасы бойынша ақша аударымдарын жасау кезіндегі комиссия: 1. OGO картасынан Банкте ашылған басқа карта/шотқа – комиссиясыз; 2. OGO картасынан ҚР-дағы басқа банктің картасына - 0,5 %, ең азы 250 теңге (1 операцияға лимит – 1 млн теңге).
14	OGO картасы бойынша банкоматтардан қолма-қол ақша	OGO картасы бойынша банкоматтардан қолма-қол ақша алу (шешу) үшін комиссия:

	алу (шешу) үшін комиссия қандай?	1. Jusan Bank банкоматтарынан айына 300 мың теңгеге дейін комиссиясыз; 300 000 теңгеден жоғары – сомадан 1%; 2. ҚР аумағындағы басқа банктердің банкоматтарынан айына 200 000 теңгеге дейін (қоса алғанда) – комиссиясыз, 200 000 теңгеден жоғары – сомадан 1%; 3. ҚР аумағынан тыс жердегі банктердің банкоматтарынан - 1% + 1000 теңге.
15	Мен OGO картамды жоғалтып алдым, ақшаны қалай шешіп алсам болады?	OGO картасынан ақшаны (карта ұсынбай) мынадай жолдармен шеше аласыз: 1. Jusan Bank банкоматтарынан «Код арқылы шешу» функциясы арқылы; 2. Jusan Bank бөлімшесінде.
16	OGO картасын қалай оқшаулауға немесе оқшаулаудан шығаруға болады?	Сіз OGO картасын Jusan мобильді қосымшасында оқшайлай аласыз және оқшаулаудан шығара аласыз.
17	Банкомат ақша бермеді, бірақ OGO картасынан ақша есептен шығарылды. Мен не істеуім керек?	Банкоматта картаны пайдаланумен байланысты даулы (диспуттық) жағдай туындаған кезде, Сіз 7711 нөмірі (мобильді телефондардан қоңырау шалу тегін) немесе +7 7172 587 711 нөмірі бойынша (ҚР аумағынан тыс жерде жүрген кезде) хабарласып немесе Jusan Банк бөлімшесіне өтінішпен жүгінуіңіз керек, онда банкомат тиесілі Банктің атауы мен мекенжайын көрсету қажет. Сіздің өтінішіңіз Банкке өтініш берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде, сондай-ақ төлем карточкалары ҚР аумағынан тыс жерде пайдаланылған жағдайда осындай өтініш алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қаралатын болады. Өтінішті қарау және оған жауап дайындау мерзімі ҚР заңнамасымен және төлем жүйелерінің ережелерімен белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.
18	Банкомат менің OGO картамды жұтып қойды (кері қайтармады), не істеу керек?	Егер банкомат карточканы бермей қойса, онда бірінші кезекте Сізге Jusan мобильді қосымшасында оны оқшаулау керек немесе 7711 нөмірі бойынша Jusan Bank Call-center-іне (мобильді телефондардан қоңырау шалу тегін) хабарласу, содан кейін жақын жердегі Jusan Bank бөлімшесіне картаны алу туралы өтініш жіберу керек.
19	OGO картасын қалай жабуға болады?	Сіз OGO картасын Jusan мобильді қосымшасында немесе Jusan Bank бөлімшесіне өтініш жасау арқылы жаба аласыз.
20	Қандай жағдайларда Jusan мобильді қосымшасында OGO картасын жабу мүмкін емес?	OGO картасы мынадай жағдайларда жабылмайды: 1. тыйым салу немесе басқа шектеулер болған кезде, OGO картасын жабу шоттан ауыртпалықтар алынғаннан кейін қолжетімді болады; 2. өтелмеген берешек (мерзімі кешіктірілген/ дебиторлық, есептелген комиссиялар бойынша, өзге берешек) болған кезде OGO картасын жабу берешек өтелгеннен кейін қолжетімді болады; 3. егер картаның шоты қолданыстағы депозиттік шартқа байланыстырылған болса, картаның жабылуы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан немесе Jusan картасы шығарылғаннан кейін қолжетімді болады; 4. егер картаның шоты қолданыстағы кредиттік шартқа байланыстырылған болса (қарыз бойынша ай сайынғы төлемді өтеу төлем картасы арқылы жүзеге асырылады),

		картаны жабу кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағаннан немесе Jusan картасын шығарғаннан кейін қолжетімді болады; 5. Егер шотта оқшауланған сомалар болса, картаны жабу оқшауланған сомалар болмаған жағдайда ғана қолжетімді болады. Шығыс операцияларын жүргізу кезінде (тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу, қолма-қол ақша алу және т.б.) Jusan Bank операция сомасын "оқшаулайды", яғни Jusan Bank операция жасалғаны туралы растауды алған сәтке дейін оны қолжетімді қаражат сомасынан алып тастайды. Оқшаулау мерзімі оқшаулау күнінен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайды.
21	OGO картасы бойынша үзінді көшірмені қалай аламын?	Сіз OGO картасы бойынша үзінді көшірмені Jusan мобильді қосымшасында немесе Jusan Bank бөлімшесінде ала аласыз.
3. OGO кредиттері		
1	Қолданыстағы OGO кредиттеріне не болады?	Қолданыстағы OGO кредиттеріне әрі қарай қызмет көрсету Jusan Bank бөлімшелерінде немесе Jusan мобильді қосымшасында қолжетімді болады.
2	Қолданыстағы OGO кредиттері қанша уақыт белсенді болады?	Қолданыстағы OGO кредиттері олар толық өтелгенге дейін белсенді болады.
3	Jusan Bank-ке өткеннен кейін жаңа OGO кредитін алуға бола ма, алуға болса қандай шарттарда?	Жаңа OGO кредиттерін алу 2025 жылғы 15 сәуірден бастап қолжетімді болмайды. Сіз Jusan Bank бөлімшелерінде немесе Jusan мобильді қосымшасында Jusan Bank-тің қолданыстағы шарттарында жаңа кредит рәсімдей аласыз.
4	Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін OGO картасын жапқан жағдайда, клиенттер кредитті қалай төлейді?	Мұндай жағдайда Сізге Jusan Bank картасын ашу керек. Картаны ашқаннан кейін, кредитті Jusan мобильді қосымшасында өтеу кезінде Сізге ашылған картаға байланыстырылған өтеу шотын таңдау керек.
5	OGO-кредитін мерзімінен бұрын өтеу қолжетімді бола ма?	Jusan Bank бөлімшелерінде Сізге несиені мерзімінен бұрын өтеудің қолжетімді түрлері: 1. толық мерзімінен бұрын өтеу; 2. ішінара мерзімінен бұрын өтеу. Jusan мобильді қосымшасында Сізге несиені мерзімінен бұрын өтеудің қолжетімді түрлері: 1. толық мерзімінен бұрын өтеу; 2. ішінара мерзімінен бұрын өтеу; 3. жоспарлы өтеу.
6	Jusan мобильді қосымшасында OGO кредитке Jusan Bank басқа карталарын/шоттарын байланыстыруға бола ма ?	Сіз Jusan Bank-те ашылған басқа карталар/шоттарды кредитке байланыстыра аласыз. Ол үшін Jusan мобильді қосымшасында кредитті өтеген кезде тиісті картаға байланыстырылған өтеу шотын таңдау керек болады.
7	Jusan мобильді қосымшасында кредит бойынша қандай ақпарат пен операциялар қолжетімді болады?	Кредит бойынша барлық операциялар Сізге Jusan Bank бөлімшелерінде және Jusan мобильді қосымшасында қолжетімді болады: 1. толық мерзімінен бұрын өтеу; 2. ішінара мерзімінен бұрын өтеу; 3. ерте өтеу. Сонымен қатар, Сізге несиелік берешектің қалдығы туралы ақпарат, өтеу кестесі және кредит бойынша ақпарат қолжетімді.

4. OGO депозиттері		
1	OGO депозиттеріне не болады?	Ашылған OGO депозиттері олар аяқталған күнге дейін белсенді болады.
2	Jusan Bank-ке өткеннен кейін жаңа OGO депозитін ашуға бола ма, ашуға болса қандай шарттарда?	Жаңа OGO өнімдерін ашу 2025 жылғы 15 сәуірден бастап қолжетімсіз болады.
3	Депозит шарттары бойынша шектеусіз автоматты түрде ұзарту қарастырылған. Jusan мобильді қосымшасына өткеннен кейін депозит мерзімі ұзартылатын болады?	OGO депозиттері үшін автоматты түрде мерзімді ұзарту 2025 жылғы 1 мамырда OGO жобасы аяқталғаннан кейін қарастырылмаған.
4	Jusan картасына депозиттен немесе керісінше шоттар арасында ақша аударымы қолжетімді бола ма?	Депозиттен Jusan картасына және картадан депозитке шоттар арасында ақша аударымдары Сіз үшін қолжетімді болады.
5	OGO депозитінен қолма-қол ақша алу кезінде комиссия қандай болады?	OGO депозитінен шотта 15 күнтізбелік күннен аз уақыт жатқан сомаларды алу кезіндегі комиссия төмендегіні құрайды: 1. теңгемен – 1%, ең аз комиссия сомасы 200 теңге; 2. шетел валютасымен – 1,2%, ең аз комиссия сомасы 200 теңге(шот валютасындағы эквиваленті); 3. шотта 15 күнтізбелік күннен көп уақыт жатқан сома– комиссиясыз.
6	OGO депозитінен ақшаның бір бөлігін шешіп алуға бола ма?	Jusan Bank талаптарына сәйкес есептелген сыйақыны сақтай отырып, төмендетілмейтін қалдық шегінде ақшаны ішінара алуға болады.
7	Ашылған OGO депозиті бойынша шарттарды қайдан көре аламын?	Сіз шарттармен Jusan мобильді қосымшасында «Менің банкім» бөлімінде, «Депозиттер» секцияларында таныса аласыз.
8	Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры OGO депозитіне кепілдік бере ме?	OGO депозиті есептелген сыйақыны және коммерциялық банктер үшін ҚР заңнамасы белгілеген талаптарды ескере отырып, 10 млн теңгеге дейінгі, ал шетел валютасында 5 млн теңгеге дейінгі сомадағы жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру объектісі болып табылады.
5. OGO бонустары		
1	Кселл бонустық бағдарламасы Jusan Bank-ке өте ме?	Жоқ, бонустық бағдарлама Кселл-ден Jusan Bank-ке өтпейді.
2	OGO бонустарының қалдықтарына не болады?	Жинақталған OGO бонустары Кселл абоненттерінде Kcell және актив мобильді қосымшаларында қолжетімді жеке шотта сақталады. Бонустарды абоненттер өнімдерді Kcell және актив мобильді қосымшаларынан шығарғаннан кейін пайдалана алады. Бонустардың қолданылу мерзімі есептелген күннен бастап 12 айды құрайды.
3	Есептелген бонустар бойынша ақпарат Jusan мобильді қосымшасында көрсетілетін бола ма?	Жоқ, бонустар бойынша ақпарат Jusan мобильді қосымшасында көрсетілмейді.
4	Бонустарды Jusan мобильді қосымшасында жұмсауға бола ма?	Жоқ, OGO бонустарды Jusan мобильді қосымшасында жұмсауға болмайды.
6. OGO инвестициялары		

1	OGO инвестициялары бойынша сұрақтар	OGO инвестицияларын Jusan Bank жүзеге асырмайды. OGO инвестициялары бойынша консультация және техникалық қолдау алу үшін Сізге мынадай нөмірлер бойынша Jusan Invest компаниясына хабарласу керек - WhatsApp: +7 (700) 511-10-00; - қоңырау шалу: +7 (707) 264-40-00; - электронды пошта: info@jusaninvest.com.
---	-------------------------------------	--